




Жүректе
мәңгі есімің...





Манап Гашымұ
70 жаста

2008 жыл

Жүректе мәңгі есімің... Манап Фалимов 70 жаста

Құрастырғандар – Лұқпан Сисекенов Бегелітегі,
Фалимов Нұрсипат Манапұлы.

Азамат, ұстаз, сазгер, халық әндері мен термелерін орындаудың шебері, майталман әнші, өзіндік мәнері бар сазгер Манап Фалимовтың аты бұл күнде ақызыға айналып барады.

Оған деген халқының сүйіспеншілігі шексіз. Асыл азаматтың иғі қасиеттері мен кісілік сипаттарын елге таныта түсу мақсатында осы естеліктер жинағын қалың оқырман назарына ұсынып отырмыз.

БАБАЛАРДЫҢ АЛТЫН СЫНЫФЫ

Киелі Пір Бекет атамыздың нұрына малынған Кең Жылой – әсем ән мен шалқыланған күйдің мекені.

Мұнда өнер шынына талпынған, үндегі құлақтан кеппес, туған жерімізді әнмен тербереген сынғырлаған әсем әуездерін көкте үшкан акқулардың қанатына іліп Атырау мен Кең Жылойды жалғаған, ел-жүрттына тек жақсылық арнаған, жаңы нәзік, жыры азық есімдері жүректерде жазылып қалған небір дүлдүлдер мен бұлбұлдар, қалықтап шыққан тума хас талант өнер тарландары өмір кешкен.

Олар халқымыздың рухани-мәдени мұрасының айырықша бір саласы – ән-куйлерін, термелерін бізге аманат қылыш жеткізе білді. Олардың өлмес руҳына ішінен сүйсініп, еріксіз тебіренесін. Келер ұрпақ асылдарын ұмыттай, олардың қызылтықты да іірімі мол тағдырына тереңірек үніліп жан дүние байлығын жинаса екен деп тілейсін.

Туған жерімізге жоғарыда айтқан өнердің әз өкілінің бірі бүтінде біздер 70-жылдық мерей тойын өткізбекші болып отырған Кең Жылойдың мақтандыши, қалың жүртқа танымал Адайдың дүлдүл ақыны Сүгірұлы Насихаттың туған жиені Манап Галимов тұмысы белек жан. Оның өнердегі тынымсыз ізденісіне қазактың бір туар ұлы, асқан талант иесі, қазақ ән мен күй өнерінің жанаңшыры ұлы композиторлардың бірегей Илья Жақанов кезінде жылы лебізін білдірген.

Ол Атырау облысы, Исатай ауданы, Орпа ауыл советінде 24.03.1938 жылы дүниеге келген. 1954 жылы Чкалов атындағы орта мектепте ага пионер жетекшісі болды. Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың (1956-1961) қазақ тілі, әдебиет және тарих мамандығы бойынша бітірген. Мақат ауданының Белинский атындағы мектепте, Доссор мектеп-интернатында (1961-1971) мұғалім болды. Сарықамыс орта мектебінде оку ісінің менгерушісі (1965-1971), Н.Крупская (Каратон поселкесі) орта мектебінде (1971-1977), Қамысқөл мектеп-интернатында (1977-1982) директор болды. 1982-1987 жылдары Ембі аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 1987 жылы аудандық методикалық кабинетте - методист, 1988 жылы Ембі аудандық атқару комитетінде, 1990 жылдан өмірінің соңына дейін (1993 ж.) - аудандық кенестің іс басқарушысы болды. Орал қаласында (1958-1960) Марксизм-Ленинизм кешкі университеттің бітірді. «Октябрь туы» газетінің штаттан

тыс тілшісі болды. Карапон поселкесінің мектебіндегі домбыра оркестрін құрды. Алматы қаласында өткен облыс аралық айтыс, термеге қатысып, теледидарға түсіп, жүлделі орынға ие болды (1985ж.). Ембі ауданының оркестрін басқарып, Алматы қаласында өнерін көрсетті (1986ж., шілде). Ембі аудандық мәдениет бөлімінің (1978 ж.), облыстық (1985 ж.), Халық депутаттарының облыстық советінің (1988 ж.) грамоталарымен марапатталды. «Енбек ардагері» (1988ж.), «Ерлікенбегі үшін В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970 ж.), «Ұлы Отан соғысына 40 жыл» медальдарымен, «Социалистік жарыстың женимпазы» (1975 ж.) белгісімен, «Бүкіл Одактық фестивальдың лауреаты» дипломымен марапатталды. Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкери.

Ұстаз, тәлімгер, сазгер әнші, термеші Манап ағаның есімін, оның қоңыраулата салған қоңыр әуенін, сыйызығы үнін білмейтіндер кемде-кем.

Оның мол мұрасы – бүгінгі және ертегі ұрпактың еншісінде.

Талантқа тағзыым етіп, оның рухымен жігерлену – өнерді сүйген халықтың абырайлы борышы да.

Манап ағамыздың есімін мәңгілікке ұлықтауда жерлестері және ұлы Нұрсипат біраз игілікті істін басын қайырып отыр.

Сол дүниенің бірі де бірегейі – мына қолдарыныңдағы жинақ. Түсінген ойлы адамға Манап аға туралы, оның өмірдегі, өнердегі келбеттің әр қырынан сыр етіп шертетін бұл кітап көпшіліктің рухани қазынасына айналмақ. «Жазылар естеліктер мен туралы» – деп, ұлы ақын Мұқағали айтпакшы Манап туралы жазылар, айтылар естеліктердің сыйбағасы алда.

Ал мына кітапта еске алғандардың барлығы да Манап ағаның жастарды баулудағы өнегелі істерін, ана тілін, дінін, ата жолын қастерлеудегі қайсарлығын, кісілік, кішілік қарапайымдылығын, өнерсүйгіштігін тебірене еске алады.

Мұның бәрі оқырманға терен ой салары сөзсіз.

Енді бір айтпасқа болмайтын сыр, бұл кітаптың жарық көруі. Қазіргі нарықтық заманда қолдаушысыз кітап жазып шығару қыннның қыны. Түсінгенге тірілей тозақ кешкенмен бірдей. Осыны жақсы түсініп, көмек берген «KOSSC», «НСС», «Бақай», «TRAHS» «ЖНГС» – басшыларына шексіз алғысымды білдіремін. Мұның өзі келер ұрпактың имандылығын арттыруға зор үлес қосқандық. Елдік, ерлік,

Лұқпан Сисекенұлы Бегелітегі.
Ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі.

ҚАЙТАЛАНБАС КҮНДЕР...

«Қымбатты менің Манабым!

Сенің атың мен үшін алтын әріппен жазылған, әдемі де ерекше. Сол алтын әріпті қара топыракқа қалай шашып алғанымды білмеймін. Әр жұма сайын, рухыңа арнап дұға оқып, басыңа барып жоқтаумен міне 15-жылда өтті, 70-жасқа да толдың. Сен жан-жақты, өнегелі де өнерлі адам едің. Қай салада еңбек етсөнде, бойындағы жақсы қасиеттерді көрсете білдің. Жүрген ортаның сәні болдың. Ашық міnez, жүйрік ой, сөз тапқыштық, турашылдық, ұйымдастыруышылық қабілетің, өнерің, адал енбегің арқылы халықтың қалаулысы болдың. Жарық жұлдыздай жарқырап, өмір кештің. Сол қысқа ғұмырда артыңа өшпес із қалдырыдың. Сенің салған әнің мен





күмбірлеген күйлерін, әлі күнге құлағыма дыбысы келіп тұргандай сезінемін».

Қысқаша өткен күндер туралы еске алайын.

Біздер институтты бітірген соң, алғаш еңбек жолын Доссор мектеп-интернатынан бастағамбыз. Сол кезеңде, аудан басшылары жастарды жинап алып, біз «Қозы Қөрпеш, Баян сұлу» спектакілін қоюмыз керек, деді. Сол күні-ақ Қозы ролін – Манап, Баян ролін – Зеріп ойнайды, деген ұсыныстар жасалды. Мен, өнер адамы емеспін, бірақ жастықтың жалыны болар, келістім. Сол уақыттан бастап танысып, кездесіп жүрдік.


Менің әкем соғыстан кеткеннен оралмады, анам өмірден ерте өтті. Кездесіп жүргенде, ата-анамды аңсап, жоқтап жылап еске алсам, Манап маған былай дейтін: - «Сен жылама, менің әкем саған әке, анам саған ана болады, мен саған өмір бойы қамқор болып өтемін». Сол сезіне тұрып, мені қамқорлап, қолпаشتаумен өмірі өтті. Атақты ақын болмасада:

Дүниедегі жерігім,
Өмірдегі серігім,
Сен боласын Зерібім.
Екі жүрек табысып,
Семья құрсақ тілегім.

- деп, өз ойын өлең шумақтарымен де білдіретін қасиеті бар еді.

Ақыры, спектакілде ойнаймыз деп жүргенде, ойнынымыз махаббатқа ұласып, семья құрдык.

Ата-енемде, көргені көп жақсы адамдар болды. Енем марқұм айтатын: «Осы Манапқа аяғым ауыр болып жүргенде, түс көрдім. Түсімде, аспандағы жарық жұлдызды уыстап ұстап алыптын. Оянған соң, мен ұл балалы болам екен, ол жұлдыздай жарқыраған адам болады-ау, деп жорығанмын. Ойлағандай, Манабым жарқыраған адам болды», деп, риза болып отыратын. Манаптың ағайындары да мені «Зерко» - деп еркелететін. Семьяда бес бала өсірдік, бәрі де жоғарға білім алғып, енбек етуде. Манап балдарымен



бос уақытында әңгімелесіп, ойларын бөлісіп отыратын. Өзі домбырасын тартып, балдарына ән салғыздыратын. Осылайша, өнерге баулудың нәтижесі болар, мектеп қабыргасында жүргенде – Нұрсипат, Ляззат күй тартып, Айсұлу мен Шарбат ән айтып, Зұльфат би билеп, сахнада көрініп жүрді. «Көп оқып, көп ізденіндер. Білімді болындар, «білімді мынды, білімсіз бірді жығады» - дегендей, жалпақтамай, жағымпазданбай адап еңбек етіндер», - дейтін.

Баланың кенжесі дүниеге келгенде: «Осы баламнан өмір бойы Ляззат алып жүрейінші», - деп, атын «Ляззат» деп, өзі қойған. Ляззат әкесін өте жақсы көргені сол фотосын үнемі кеудесіне басып, жол жүрсе бірге алып жүретін. «Менің әкемдей әке жок», - деп, бойлай есіне алып тұрады.

Зульфат, Шарбат деген балдарым, семьясымен америкада тұрып, еңбек етуде. Олардың демеуімен, Америкаға барып дәмін татып жүрмін. Елден қашықтығы болмаса, өмірлері мәнді, сәнді. «Шіркін! Манап тірі болып, екеуміз қол ұстасып, бұлардың өмірін бірге көріп жүрсек, бір жасап қайтар еді-ау!», деген ойға да келемін. Бірақ амал не...

Манап – мұғалім, директор, мәдениет бөлімін басқару, т.б. жұмыстарында жүргенде, алдынан бірнеше ғына шағын шәкірттер дәріс алды. Олардың көбі хабарласып, үйге де келіп дәм татып: «Ағай, біз сізге қарыздармыз», - деп, ризашылықтарын білдіретін. Осы күнге дейін, шәкірттерімен кездесе қалсам: «Ой, Ағай ерекше адам еді ғой, сабакты сондай жатық тілмен түсіндіретін, домбыраны дас олай менгертеңді», дейтін. Осылайша, ол кісі туралы жақсы әңгіме естігендे, мен де бір жасап қалатынмын. Манап үйге келсе болды, әңгіме айтылып, ән салынып, күмбірлеген күй тартылып, ерекше бір сезімге бөленетінбіз. Ол, жұмыс бабымен жол жүріп кетсе, үйдің іші тып-тыныш, құлазып тұргандый сезінеміз. Үйге кіріп келе жатқанда, мен көрінбесем: «Біздің кемпір қайда?», - десе, немерелері: «біздің үйде «кемпір» жоқ деп, жауап береді, олай дейтін себебі, «кемпірлер орамалды жағынан байлайды», деп түсінеді екен. Бұл кісі сендерге «әже» болғанмен, менің «кемпірім» - деп түсіндіретін.

Манап сөзді қадірлеп, мән беретін. Біреу, әңгімені жете

тындаамаса: «Ой! Ол сөздің иесі емес, ондай адамға сөз айтып керегі жоқ», - деп, отыратын.

Жұмыс бабымен, Доссор, Қаратон, Сарықамыс, Құлсары деген мекендерде еңбек етті. Бірнеше семьялармен араласты. Қөптеген жолдас, дос тапты. Өкінішке орай, жақсы жолдастарының көбі өмірден өтті.

Өмірден өткенше, үлкен адамдарға дейін, Манапты жассынбай, ақылын тындал, төрден орын беретін. Ешкім оны басына алмайтын, себебі: ол өзінің орынын, сөйлейтін сөзін білетін. Балдардың туған кундерін, дайындықпен, ән мен күймен өткізетін. Ұнататын тамағы «бесбармақ» еді.

Жұмыстан келе, қазанның қақпағын (оттағы) ашып қарайды да, ет екенін сезсе: «О! Кемпір, молодец!», - дейтін. «Ертен, үйге келін келген соң, бұлай қазанның қақпағын ашып қарай алмаймын ғой», - деп, сөзінің соңын әзілге ұластыратын.

Манап үйге қонақтың келгенін, кісі шақырғанды, әңгіме айтылғанды ұнататын. Кейіде, жұмыстан шаршап, ауырып келіп жатып қалатын кездері болады. Сондайда, көніл сұрап, жігіттері, жұмыстастары келсе болды, ас желініп, әңгіме айтылып, ауруынан женілдегендей болатын. Балары семья құрып, немере, жиен сүйді. Немере деген, тәтті болады екен, деп айта беретін. Жанболат деген немеренің өмірі қысқа болды. Кейін, Гульфат деген немере, дүниеге келді. Оны өзімдікі, деп меншіктенді. Оны үнемі қойына алып, ертек айтып, ұйықтататын. Гульфатын бірінші класқа апарам, деп отырғанда, айықпас ауыр дерктек тап болды. Гульфаты да биыл институтын бітірді. Соны ауыр дерктек шыдап, уайым айтпай, ұстамдылық, қайраттылық көрсетті. Мүмкін, бізді уайымдамасын деген ойы да болар. Өзінің өмірден өткеннен кейінгі кездерге де көз жүгіртіп, ойларын айтып жатты. Тындаимын, көздің жасын бұлаймын. Бір күні, «Сен, осы өміріңе ризамысын?», - деген сұрак қойды да, не айттар екен дегендей жауап күтуде. «Мен, сендей сөзге шешен емеспін, бірақ мүмкіндігімше қысқа өз ойымды айтайын», - дедім.

«Мен жалғыз жүргенде, сендей жар таптым. Ең бастысы, сен адал жар болдың. Семья құрдық, ұл-қызы өсірдік. Үкіметке еңбек еттік. Ешкімнен кем болмадық. Қайда жүрсенде, сыйлы болдын.

Қандай ортада болсақта, жанға жағымды сөзінмен, әнімен органы билеп кететінсің. Менің білмеген жерім болса, үйретіп, қолымның жетпеген жеріне жеткіздің. Сенің қасында жүргенде, ешқандай салмақ түскен жоқ. Ұл-қызыңың семьялы болғанын көрдің, немережиен сүйдің, құдаларыңың төрінде болдың. Еңбегінде бағаланды. Нағашың, Насихат Сүгірұлы ақынның жырын жырлап, республикалық ақындар сайысына қатысып, жүлделі орынға ие болдың. Мұны телекөрмермендер тамашалауда. Талай рет, мәслихаттың депутаты болдың, мактау қағаздарын алдың. Фестивальдың лауреаты, «Қазақ ССР-ның халық ағарту ісінің үздігі» - атақтарын алдың. Бәрі, өзіңнің тынымысыз ізденісінің, еңбегінің нәтижесі. Бұл мен үшін тәрбие де аброй. Айта берсем, белестер көп қой, жалпы мен өміріме еш өкінішім жоқ, ризамын. Раҳмет саған, қалған жерде өз саулығынды ойла...», - дедім.

«А, риза болсан болды», - деп, өзі қанағаттандық сезім білдірді. Сәл демалған соң; «өзің білесін гой, менің өмірім, әнмен, күймен өтті гой. Мен бұл өмірден өткенде, «қайран шешем», т.б.күйлерді жәй дауыспен жіберіп қойындар, музыкамен аттануым керек», - деді.

Тыңдау өте қыын, тек қана көз жасына ерік беруден басқа амалым жоқ.

Елдің іші, ағайынның ортасы, азamatтардың бары жақсы гой, Манаптың тірі кезінде айтқан ойларын, бәрін орындады.

«Дүние жалған,

Өтеді де кетеді», - деген рас екен.

Бұл қайталанбас күндердің, қалай тез өткеніне мен өкініштімін.

«Өлілердің өлмеуі

Тірілердің еске алуы», дегендей

Сен біз үшін мәңгі тірісін!

Рухың риза болсын!

Балаларыңды жебеп – желеп,

Жұмақтың төрінде бол! – демекпін.

Еске алушы, жоқтаушы,
жұбайың Зеріп Қараабала қызы Сүлейменова



МАНАП ІНІМЕ

Жамылған қара бұлтын, қаралы күн
Қайғырган халық аузында даралығын
Қайтпайтын керуен мен сен кеткесін
Жүрегім оқ тигендей жаралымын

Тәнірім тап келтіріп ауыр дерпті
Жазира, жаны жайсан өмір кетті
Ағынын аринасына түгел құймай
Тасыған тау суындаі көңіл кетті

Сұм ажал қатал едің сен не деген
Ойнаған ажал оғын пен деменен
Шешенді, қүшіні алдың ортамыздан
Сайраган, пернелеген, термелеген

Асылжан арамыздан кетті бүгін
Болмады қас қағымдай өтті күнің
Ішінде шаршы топтың сөйлегенде
Талайды таң қалдырыған тектілігің

Өн-сарай жоқ болғандай, құлап лезде
Жас толып қан аралас бұлап көзге
Манапжан айырылдық біздер сенен
Қайнаған ақыл-ойың бұлақ кезде

Ой кетті, өнер кетті, алас ұрған
 Тек қана есте қалды дара тұлған
 Көніл мұң, көкірек зарлы, кейіп кештім
 Айырылып ерекше бір жанашырдан

Қыс келіп, өтпесе де жазың әлі
 Тым ерте ажал желі азынады
 Қамшының сабындай-ақ қысқа өмірде
 Өзіндей болмады адам қазыналы

Жан айтпас өмірінің сенің бұйығы өтті
 Нөсері шабытыңың құйып өтті
 Өзіңмен сазын айтқан, назын айтқан
 Қазақтың күмбірлеген күйі кетті

Біреулер өнерді айтса көніл бөліп
 Қан ойнап, дидарыңа өнің кіріп
 Өн салып, алты қырдан асырушы-ен
 Орындалап төкпе күйді төгілдіріп

Өзінді жоқтап көніл күйзеледі
 Жүрекке мың сан ине түйреледі
 Жанымның нәзік қылын талай шерткен
 Сен тартқан күлағыма күй келеді

Дос та көп, туыс та көп құрбылы едің
 Шешен сөз, өзекті ойдың білгірі едің
 Зергері, мақал-мәтеп, өлең жырдың
 Топ жарған өз ортаңың дүлдүлі едің

Кімге не айтарынды андалап бәрін
 Жақсыны жаны жайсан ардақтардың
 Жаманнан ғибыраты жоқ аулақ болып
 Бөлендің құрметіне санылақтардың



Жыр қылып Атырауды, Нарын бетті
Тамсантып, таңқалдырының қалың көпті
Қалайша жер жарылмай жатыр екен
Кеуденде жанар таудай жалын кетті

Өмірдің жұзіп өттің айдынында
Ортаңа артық болды айбының да
Сөз тауып, сонша қыын жиындарда
Басқардың қуаныш пен қайғыны да

Бұлттай төгіп жауған аспалардың
Силастың сөзін жерге тастамадың
Ой жүйрік, тілің шешен, сөзің дәріс
Ішінде бөлек тұрдың басқалардың

Қуанып сениң атың аталғанда
Би сөзді ел тындармай жата алғанба
Төле мен Қазыбектен дәріс алып
Ұқсаушы-ең Айтекеден бата алғанға

Дегендей канат қағып самғайында
Ән-жырың әзір еді-ау әр дайымда
Зергердей сөз түйінін сомдағанда
Қақтырыдың барша жанның тандайында

Ойсыздың қарсы жүріп қамалына
Ортаңа дана болдың заманында
Тас жарған сұқ көзден де болған шығар
Талайдың түсіп едің назарына

Табиғат өнер берген, дарын берген
Сезімтал ақыл-ойдың нәрін берген
Алланың пейілі түсіп отырғанда
Өзіңе үйіп-төгіп бәрін берген

Адаммен жақсы көрген санаспадың
 Жаныннан жамандарды аластадың
 Сыр шертіп силастың мен жан кешкенше
 Санаңнан ақылыңнан адаспадың

Мәңгі есте, біттім аға, қош дегенің
 Ескегін ұстағандай қос кеменің
 Көрсөң де ажал, өмір, алысқаның
 Айтпадың уәйімін ештеңенің

Қағазда дертің жайын анықтайтын
 Көріпсін бір сөздерді жан ұқпайтын
 Сонда да осал мінез сездірмедің
 Қатерді білсендагы айықпайтын

Өсиет-өнеге айттың қадап бәрін
 Тауыса алман сан қырыңың санап бәрін
 Хамаңмен кеңеспесе болмайды деп
 Ерекше силап мені ғадактадың

Уа Хама, үй-ішіңіз аман ба деп
 Не жетсін деніңіз сау аманға деп
 Барғанда көнілің сұрай бір күй тарттың
 Түбінде кім сеніпті заманға деп

Колы өнер, жүрегі жыр, басы дарын
 Бақ санап аға барын, досы барын
 Егіліп көз жасыма ерік берем
 Есіме түскен сайын осыларың

Керек деп жақсыны алды Құдай тағы
 Жоқтығың ортамызда мұңайтады
 Мен үшін орны толмас бауырим-ай
 Хама деп енді бізді кім айтады



Аңсадым ақ жүзінді кіріп келер
Ойынды бар ғаламды біліп келер
Күн өтіп, мезгіл озып, жыл жылжыса
Іні де, тап өзіндей, іріктелер

Көз тастап, өзің жүрген атырапқа
Таппадым жауап іздең сан сұраққа
Қимады-ау бір туарға алпысында
Берсе де ұзак өмір ақымаққа

Сәулесі мол болғанмен жұлдызыңың
Шектелді татар күні дәм-тұзыңың
Армандалап ішке сақтап дүние кештің
Қызығын түгел көрмей үл-қызыңың

Асылдың кетсе де өзі аты қалды
Орны бар өмір таңын атырады
Мәңгілік топырағың торқа болып
Жайылсын ұрпағыңың жапырағы

Фарышта еді-ау көңілім
Өзіндей іні дос барда
Тәңірі жазса біз енді
Кездесерміз мақшарда

Жан азығын сағынса
Бұл дүниеден өткендер
Рухын көтер олардың
Жұмақтың төрін басқарда

Ағасы,

Хамидолла Байдоллаұлы Қабдештегі,

1993 жыл

Құлсары қаласы



МАНАП АҒАМА

Жігіт едің шаршы әлемді шайқаған
Жалықтырған марғау тірлік майтабан
Дүниеге дүрбі салып отырып
Дидарынды Құдай сенің байқаған...

Тандайынды тілгілеген тұзды арман
Арқар—акын атылғандай күз—жардан...
Жанарында жарты ғалам жарқырап
Қол былғайды қызыл-жасыл қыз жалған...

Ойланбай-ақ ойнап-құліп отты өптің
Шоғыр жүлдyz сияқтанып шоқ төктің
«Сайқал өмір садақа» деп сендерге
«Мен өлгенде той жасандар» деп кеттің...

Естідім бе сен шырқаған сонша әнді
Тобасы жоқ топас тобыр томсарды
Пернесінде періштесі сайраған
Күйші құдай домбыраға қол салды...

Ку шанақты текті күйлер тепкілеп
Күймен бірге көніл кетті көк тіреп...
Нарын қалды Нардай болып боздаған
Насихаттың жан жиені кетті деп...



Есікке де еңкеймеген еңселім
Тесікке де тықты ақыры көр - сенім
Ауырғанда Ажалға да әзілдеп
«Кетіп қалсам, қайтып келем» деуші едін...

Қарағайға карсы біткен қас тұлға
Өксітінді өлең айтып бастың ба
Дүниені дүбірлеткен той болса
Тост айтарсың топырақтың астында...

Шынар едің шың басына көгерген
Тамырыңды таба алмадым тереннен...
Арсыз ажал Ай қойыпты басына
Құдай өзі Күн шығарар төбеннен...

МӘЛС Қосымбаев
Филология ғылымдарының кандидаты,
«Ерен сибебі үшін» медалінің иегері,
Жастардың Мемлекеттік Даын сыйлығының иегері,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.
1993 жыл

ЖҰЗІНЕҢ НҮР ТӨГІЛГЕН ЖАН ЕДІ



Өмірі өнегеге толы, мактау мен мадақтауға тұрарлық жандардың бірі марқұм Манап Фалимов еді. Ол 1938 жылы Исадай ауданы, Орпа ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Макат ауданының Доссор поселкесіндегі мектепте ұстаздық еңбек жолын бастады. Кейін Сарықамыстағы орта мектепте мұғалім, оку ісінің менгерушісі болып абырайлы қызмет етті.

Манап, 1971 жылы, Қаратон поселкесінде, Н.К.Крупская атындағы орта мектепке директор болып келді. Білікші де білікті және окушы жігіт. Бізге жұмысқа келген күннен бастап, өзінің алғырылығын дәлелдей білді. Сол жылдардағы халық ағарту саласының қызметкерлеріне берілетін ең жоғары баға, ел сенімі болатын Манап осы мектепте директор міндетін аткарған кезде ағарту саласына шығармашылықпен үлес қости.

Манап өзінің ерен еңбектерімен, балаларға деген сүйіспеншілігімен, кайырымдылығымен үлкен абырай-атаққа, поселке халқының арасында ыстық ықылас пен зор беделге ие болды.

Сол кезеңде Қаратон поселкесіндегі орта мектепте оку- ағарту саласында аудандық оқу бөлімінің тарихында белгілі ұстаздар: Еңбек Қызыл Ту орденді – Атамұратов Жолдыбай, Халық ағарту ісінің озық қызметкері – Қалау Имангалиев, Рысқали Хамитов, Лилия Алексеевна Ян, Бұрханов Тасқали, Дайшакалиев Жалғас, Жетебаева Үлболсын, тағы басқалардың елеулі үлестері бар. Бұлар өз мамандығының шеберлеріне айналған. Өз ісіне шын берілген, бүтін бір шоқ жұлыздар іспекті адамдар еді. Менің жолдасым, Тасқали Бұрханов, Манаппен сыйлас, сырлас еді. Өзінен 7-8 жас

ұлken екенін есінде ұстап, үнемі аға тұтып, інілік ізетілігінен ешбір айныған емес. Біздер әрбір демалыс құндерін кезекпен үйлерімізге барып, баларымызбен бірге өткізетінбіз.

Қашан көрсөнде өзіне тән сырдай қалпымен жымиып, шын ниетімен сәлемдесіп, әдемі әзіл-қалжыңымен жаңынды жадыратын, қызық әнгімеге тетлейтін шежіре жан еді.

Ол мектептегі басшы педагог қана емес, ұлken өнер иесі де еді. Әсем әнімен, сазды домбырасымен айналасындағыларды үйіріп алатын. Сол өнерімен аудандық, облыстық, республикалық ән сыйыстарына қатынасып, талай жулделі орындарға ие болды. Мәкен, әсіресе, халық термелерін шебер орындайтын, кешегі өткен ақын-жыраулардың өсінет сөздерін насиҳаттауда да тынымсыз ізденді. Әрі оны әр түрлі мақамдарға салып айтатын. Оның осы өнерпаздығын таныған аудан басшылары Манапты аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісіне тағайындалды. Міне, осы кездерде ол аудан өнерін өрге сүйреп, көптеген таланттардың есімін елге танытты. Мәдени-шаралардың мазмұнын байыта түсті. Неше түрлі шаралар өткізіп, халықтың ән-күйге деген ықыласын арттырды.



Ерінбей еңбек еткен, балағада, ұстазғада үйретуден жалықпаган, талай үйдің ерке-тентегін тезге салған, асығыс кеткен албырт жас ұстаздарға ақылымен ауыздық салатын Манап сиякты аға ұстаздардың есімі халық арасында ұмытылмақ емес. Манап өмірден ерте кетті. Артында ұлы Нұсипат, қыздары Айсұлу, Зұлфат, Шарбат, Ляззат бар. Ұл-қыздары жоғары білімді, өз алдына жанғя. Жан серігі – Зеріп және немерелері, жиендері бар.

Міне, осындай өнегелі жан өмірден ерте өтті. Оның адамгершілік қасиетін көрген жандар, Мәкенді әлі күнге мақтанышпен еске алады. Бір жақсысы оның бетінен үнемі жылылық нұры төгіліп тұратын. Қашан көрсөн де ұқыпты да жинақы жүретін, үлкенге де, кішіге де ізетті болатын. Сондай-ақ киім киісімен де ерекше дараланатын.

Манап халық көзінде, көнілінде жігіт ағасы қалыпында, өзі де, сөзі де, әні де, сұлу бейнесінде қалды.

Манап өмірден ерте кеткенімен оның атын ардақтап, атын дәріптейтін шәкірттері жетерлік. Өнер саласында да солай. Ал шәкірті көп адамның ұзак жасайтыны белгілі емес пе? Ендеше ол мәңгі өлмейді деп білеміз.

Дүзел Жұнісова,
Жаңа Қаратон поселкесі.
Зейнеткер ұстаз
2008 жыл

МӘКЕННИҢ ДОМБРА ҚАҒЫСЫ

Манап ағамызбен өткен ғасырдың 80-90 жылдары жұмыс бабында талай кездесіп журдік. Ол ауданда бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін, іскер, беделді басшы болып қана қоймай, өнер көшінде ойып орын алар тұлға болатын.

Мәкеңнің домбра қағысы, ән ауені, тіпті сиқырлы сазға шынайы берілетін бет әлпеті әлі көз алдымызда. Арапаса келе, ағамыздың азаматтық тұлғасы да таныла түсті.

Жайдары мінезді, дархан көнілді, ак жүрек азаматпен бір жүргенімізді мәртебе санайтынбіз. Әнгіме айтқанда майын тамызады, әзіл-калжынға да өте шебер.

Қай тақырыпта сөз қозғалса да, мейлі өнер, мәдениет, тарих,



саясат болсын, жете хабардар екендігін танытып, әңгіме тізгінін қолда ұстап отыратын.

Жас мөлшеріне қарамастан өзін біздермен бірге жүргенде сырлас, дос ретінде таныта білетін, көнілді сәттерде рахаттана күлетін.

Аудан мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосқанын жақсы білеміз. Ол кезде әр талант иесі мекемелер арқылы қоғамдық негізде өнер көрсетуге тартылатын, оның үстіне олардың өзіндік психологиясы бар, соның бәрін Мәкен үршықша үйретін.

Облыстық, Республикалық байқаулардағы жұмыс нәтижесінің өзі бір тәбе. Кейін ауданда алғаш құрылған аудандық Кеңесте де жауапты қызмет атқарды.

Бірге жұмыс жасаған азамат ретінде ол кезде де Мәкеннің бойынан адамгершілік қасиеттерді, ақыл-парасаттың молдығын тани білдік, шын ықыласты сөздерінің өзі бізге ерекше әсер ететін.


Қайыр Ермекұлы

**Жылдың ауданы жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар болімі
бастығы орынбасары**

2008 жыл

МАНАП, 70 ЖАСЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Еске алу» деген сөз, өмірден кеткен азаматтың еңбек жолын, адамгершілік арқасиетін, адамның көз алдына елестету. Соның бірі ардақты азамат, парасатты ұстаз - Галимов Манап. Манаппен бірге жұмыстас болдым, әріптес болдым және бірнеше жылдар бойы семьямызбен араласқан, бір дастарханнан дәм татқан, бір қазаннан ас ішкен, бір-бірімізбен араласқан тату семья болдық. Сол татулығымыз элі жалғасып келеді.



Манап марқұм тек ұстаз емес, әр түрлі салада еңбек еткен, еңбек жолында үлгілі, тәрбиелі азамат болды. Манап 4 қызы, 1 ұл өсірген, ұлын ұяға ұстап, қызын қияға кондырған, семьяда тәрбиелі ата-ана еді. Зайыбы Зеріп, Манапқа сай өнегелі ұстаз, семьяда үлгілі, тәрбиелі ана.

Егерде өмірден ерте кетпесен, 70 жасқа дейінгі өмірің кызықты да, шаттықты болар еді.

Манаптың есте қалған жайлары көп-ақ. Соның бір касиетін айта кетейін: «Бірде Қабдешев Құралдың үйінде отырғанымызда, Күрекен Манап марқұмға: Көптен сенің гүмбірлеген домбыраңың даусын, салатын әнінді естіген жоқпын, сен «Барып қайт» деген өлеңді айтып жіберші деді. Сол кезде Манап домбыраны гүмбірлетіп, өлеңді нақсына келтіріп айта бастады. Сонда Күрекеннің көзінен жас шығып отырды, оны айтып отырған себебім, айтқан өлеңінің, адамның жан-дүниесін тебірентіп, жүрек сезіміне әсер еткен деп ойлаймын.

Осындағы жұмыс бабында өзінің әнші-куйшілік өнерімен, ауданға, облыска, республикаға танымал азамат болды.

Манап, 70 жасың құтты болсын, жатқан жерін жарық болсын, топырағың торқа болсын, кейінгі үрпақтарына топырақ жасын берсін.

Карпекова Халифа
Островский атындағы мектеп, 1960 – 1981 ж.
Казак тәлі, әдебиет мұғалімі
Ағарту білімінің үздік қызметкері
2008 жыл